# ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДАҒЫ ҚАМТАМАС ЕТІЛМЕГЕН АТАУЛЫ КУПОНДЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ

# ПРОСПЕКТІСІ

**«Хоум Кредит энд Финанс Банк»**

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**ЕНШІЛЕС БАНКІ**

**(«Банк Хоум Кредит АҚ ЕБ»)**

**15 000 000 (он бес миллион) дана мөлшерінде**
**15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге сомасында**

«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды».

Алматы қ, 2014 ж.

**1.** Облигациялардың осы шығарылымы, құжаттары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау комитетінде облигациялардың осы шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттармен бір мезгілде ұсынылатын, «Хоум Кредит энд Финанс Банк» Акционерлік қоғамы Еншілес банкі (бұдан әрі – «Банк Хоум Кредит» немесе «Эмитент») екінші облигациялық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәлімет.**

Банк Хоум Кредиттің екінші облигациялық бағдарламасы аясында мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс құжаттары дәл осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттармен бірге бір мезгілде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау комитетіне ұсынылды.

| | |
|---|---|
| **Облигациялық бағдарламаның көрсетілген баға бойынша көлемі:** | 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге. |
| **Облигациялар шығарылымының тәртіптік нөмірі** | Осы шығарылым Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы көлеміндегі облигациялардың бірінші шығарылымы болып табылады. |
| **Облигациялардың алдындағы шығарылымдары туралы мәлімет (шығарылымды уәкілетті органда тіркеу мерзімі, облигациялардың көлемі, кесімді баға бойынша шығарылымдар көлемі мен осы облигациялық бағдарлама көлеміндегі әр шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың бағасы мен саны)** | Екінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың тіркелген шығарылымдары жоқ. |
| **Облигациялық бағдарлама аясында, бұрын шығарылған облигациялардың ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар, соның ішінде, шектеулер (ковенант) бұзылған кезде жүзеге асырылған құқықтар мен ұстаушылардың осы құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған құнды қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар** | Екінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың тіркелген шығарылымдары жоқ. |

**3. Облигациялар шығарылымының құрылымы.**

| № | Шығарылым құрылымы | |
|---|---|---|
| 3.1. | Облигациялардың түрлері | Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар (бұдан әрі – **Облигациялар**). |
| | Облигациялардың мәртебесі | Облигациялар өзара тең ретінде бағаланатын және бағалана беретін, Эмитенттің сөзсіз және қамтамасыз етілмеген міндеттемелері болып табылады. |
| 3.2. | Шығарылатын облигациялардың саны | 15 000 000 (он бес миллион) дана. |
| | Кесімді баға бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі | 15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге. |
| 3.3. | Бір облигацияның кесімді бағасы | 1 000 (бір мың) теңге. |
| 3.4. | Облигациялар бойынша сыйақылар | |
| 3.4.1. | Бекіту мерзімі | Облигациялар бойынша әр купондық кезең, не негізгі қарыз үшін және айналымның мерзімінің соңында оларды өтеу кезінде Облигациялар бойынша сыйақылар алуға, содан кейін осы төлемдер жүзеге асырылатын (Эмитент тіркеушісінің орналасқан уақыты бойынша) (бұдан әрі – **Бекіту мерзімі)**, кезеңнің соңғы күнінің бас кезінде Облигацияларды ұстаушылардың тіркелім жүйесінде тіркелген тұлғаның құқығы бар. |

| | | |
|---|---|---|
| 3.4.2. | Облигациялар бойынша сыйақылардың мөлшерлемесі | Облигациялар бойынша сыйақылау мөлшері Облигациялардың барлық мерзімінде бекітілген болып табылады және Облигациялардың атаулы құнының 9,5% (тоғыз бүтін оннан бес пайызын) құрайды. |
| 3.4.3. | Сыйақыны есептеу басталатын мерзім | Облигациялар бойынша сыйақылар есептеу Облигацияның айналым мерзімінің басталу мерзімінен басталады. |
| 3.4.4. | Сыйақыны төлеудің мерзімділігі мен мерзімі | Сыйақы төлеу, әр алты ай сайын, Облигациялардың барлық айналым мерзімінің ішіндегі Облигациялардың айналым мерзімі басталған уақыттан бастап, жылына 2 (екі) рет жүргізіледі. Сыйақылау Бекіту мерзіміндегі жағдай бойынша оны алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді. |
| 3.4.5. | Сыйақы төлеу тәртібі мен шарты | Сыйақы төлеу ақшаны, Бекіту мерзімі ішінде, Бекіту мерзімінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигациялар ұстаушылардың тіркеліміне тіркелген, Облигация ұстаушылардың ағымдағы есепшотына ақша (теңгемен) аудару жолымен жүзеге асырылады.<br><br>Төлем мерзіміндегі сыйақы, купондық сыйақының атаулы құны мен жарты жылдық мөлшерлемесін жүргізу ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны мен дөңгелету тәсілі «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.<br><br>Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша негізгі қарызды төлемеумен бір мезгілде жүргізіледі.<br><br>Барлық төлемдер (сыйақы мен негізгі қарыз сомасын төлеу), Қазақстан Респрубликасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырылады.<br>Егер де Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигациялар бойынша сыйақылар төлеу Облигация ұстаушының Қазақстан Республикасы аумағындағы банктік теңгедегі есепшотының болуы кезінде теңгемен жүргізіледі.<br>Төлемді теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе ЕВРО) айырбастау, Эмитенттің сәйкес төлем төлейтін кезге дейін Облигацияны ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының резиденті емесінен 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкес жазбаша өтініш алған кезінде жүзеге асырылады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көрсетілген айырбастау, төлем төлеу мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен мерзімдегі бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе ЕВРО) айырбастау, Облигацияны ұстаушының – Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның есебінен жүргізіледі.<br><br>Облигацияларды Облигацияларды ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденті пайдасына төлеу бойынша жүзеге асырған кезде, теңгені өзге валютаға (тек ғана АҚШ доллары немесе ЕУРО) айырбастауға жол берілмейді. |
| 3.4.6. | Сыйақыны есептеу үшін пайдаланылатын уақыт кезеңі | Облигациялардың бүкіл айналымы кезінде облигациялар бойынша төлемдер бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн, ал бір айда 30 (отыз) күн бар деген негізде есептеледі. |
| 3.4.7. | Егер де сыйақы көлемі бекітілмеген болса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі. | Облигациялар бойынша сыйақылау мөлшерлемесі Облигациялар айналымының барлық мерзімінде бекітілген болып табылады. |
| 3.4.8. | Индекстелген облигациялар шығарылымы кезіндегі есептеу тәртібі | Облигациялар индекстелген болып табылмайды. |
| 3.5. | Облигациялардың айналымы және өтелуі туралы мәлімет | |
| 3.5.1. | Облигациялар айналымының басталу мерзімі | Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу мерзімі (бұдан әрі – **Айналымның басталған мерзімі).** |

| | | |
|---|---|---|
| 3.5.2. | Облигациялардың айналым мерзімі және оларды өтеу шарты | Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналымы мерзімі басталған уақыттан бастап 5 (бес) жылды құрайды. Облигациялар Бекіту мерзімінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде, Бекіту мерзіміндегі жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылар тіркелімінде тіркелген, Облигациялар ұстаушылардың ағымдағы есепшотына ақша (теңгемен) аудару жолымен, соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеу арқылы Облигацияның номиналдық бағасы бойынша өтеледі.<br>Егер де Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигациялар бойынша төлемдер, Облигацияны ұстаушының Қазақстан Республикасы аумағындағы банктерде теңгелік банктік есепшоттары болған жағдайда, теңгемен жүргізіледі.<br>Төлемді теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе ЕВРО) айырбастау, Эмитенттің сәйкес төлем төлейтін кезге дейін, Облигацияны ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының резиденті емесінен 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкес жазбаша өтініш алған кезінде жүзеге асырылады. Көрсетілген айырбастау, төлем төлеу мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен мерзімдегі бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе ЕВРО) айырбастау, Облигацияны ұстаушының – Қазақстан Республикасының резиденті емесінің есебінен жүргізіледі.<br><br>Облигацияларды ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденті пайдасына төлеу бойынша Облигацияларды жүзеге асырған кезде, теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе ЕВРО) айырбастауға жол берілмейді. |
| 3.5.3. | Облигацияларды өтеу кезеңі | Облигацияларды өтеу мақсаты үшін анықталған, Бекіту мерзімінен кейінгі мерзімінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде. |
| 3.5.4. | Облигацияларды өтеу орын | «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ<br>Қазақстан Республикасы,<br>050059, Алматы қ,<br>Фурманов к, 248, «Сарқанд» бизнес орталығы |
| 3.5.5. | Облигацияларды өтеу тәсілі | Негізгі қарыз сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу, Облигация ұстаушылар тіркеліміне сәйкес ағымдағы есепшоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады. |

| | | |
|---|---|---|
| 3.6. | Облигациялар бойынша қамтамасыз ету | Осы шығарылым қамтамасыз етілмеген болып табылады. |
| 3.7. | Облигацияларды ұстаушылардың өкілдері туралы мәлімет | Облигацияларды ұстаушылардың өкілдерінің функцияларын, құнды қағаздар нарқындағы бойынша қызметті жүзеге асыруға арналған 22.09. 2004 ж. ҚР Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігі (қазіргі кездегі ҚР ҰБ ҚҚК) берген, № 0401200886 лицензиясы бар, «СентрасСекьюритиз» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ, Манас к, 32 А, тел./факс: + 7 (727) 259-88-77, факс: + 7 (727) 259-88-87) жүзеге асырады.<br>Облигацияларды ұстаушылардың өкілі өзінің функциясын 10.01.2014 ж. №1436/14-01-2014 Облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсету шарты негізінде жүзеге асырады. |
| 3.8. | Тіркеуші туралы мәлімет | «Құнды қағаздардың бірыңғай тіркелімі» Акционерлік қоғамы<br>Қазақстан Республикасы, 050000<br>Алматы қ, Абылай хан даңғылы, 141<br>Байланыс телефоны: +7 (727) 272 47 60<br>Факс: +7 (727) 272 47 60 вн. 230<br>Басқарма төрағасы: Жақыпов Қайрат Тілеуғазықұлы<br>Басқарма мүшелері: Сәрсенов Бақытжан Балтабайұлы<br>Мұқанов Арман Болатұлы<br>Құнды қағаздар ұстаушылар тіркелімі жүйесін жүргізу жөніндегі шарт: 10.09.2012 ж. № 00081-АҚ |
| 3.9. | Облигацияларды орналастыруға катысатын ұйымдар туралы мәліметтер | Облигациялар шығарылымы бойынша Эмитенттің Қаржы кенесшісі және Андеррайтері ретінде, 21.01.2014 ж. Эмитент пен HalykFinance арасында қол қойылған № 1447/21-01-2014 шартына сәйкес, «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «HalykFinance» (бұдан әрі – **HalykFinance**) болып табылады. HalykFinance бас кеңсесі мына мекенжайда орнасқан: 050013, Қазақстан Республикасы, Алматы қ, Әл-Фараби даңғылы, 19/1, «Нұрлы -Тау» Б/О, 3Б блогі, 6 қабат, байланыс телефоны: +7 (727) 244 65 40, факс: +7 (727) 259 05 93. HalykFinance Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты және реттеу және қадағалау жөніндегі агенттіктің құнды қағаздар нарығында, 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 4.2.92/28 кесімді ұстаушы ретінде клиенттің есепшотын жүргізу құқығымен, брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған лицензиясы бар. |

| | | |
|---|---|---|
| 3.10. | Төлемдік агент туралы мәлімет | Сыйақыны төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлемдік агент қызметтерін пайдаланусыз, дербес жүзеге асырады. |
| 3.11. | Оның ұстаушысына Облигациялармен бірге ұсынылатын құқықтар | Облигацияларды ұстаушылардың құқығы бар:<br>– Эмитенттен проспектіде көзделген шығарылым мерзімінде, Облигацияның кесімді бағасын алуға, сондай-ақ ол бойынша кесімді проспектіде бекітілген мерзімде Облигацияның кесімді бағасынан алынған ол бойынша бекітілген пайыз алуға; Қазақстан Республикасынывң екінші деңгейлі нарығында Облигацияларды кедергісіз сатуға және сатып алуға;<br>– Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ талаптарында, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде көзделген тәптіпте, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;<br>– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда және тәртіпте Облигациялар бойынша өздерінің талаптарын қанағаттандыруға;<br>– Эмитентің кінәсі бойынша купондық сыйақыны және/немесе оларды өтеу кезінде Облигациялардың атаулы бағасын төлемеу, сондай-ақ толық төлемеу жағдайында, сондай-ақ Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ бастапқы орналастыру нәтижесі бойынша қалыптасқан баға/оларды сатып алған кездегі жинақталған купондық сыйақылар Облигацияларының кесімді бағасын/әділ нарықтық бағасын, ақшалай міндеттемені орындау мерзімінде, осы соманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен шыққанда есептелетін, әрбір мерзімі асқан күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасына есептелген үстемақының төленуін талап етуге құқығы бар.<br>– ХҚЕС (IFRS) сәйкес дайындалған және осы қаржылық жылға арналған, келесі мекенжай бойынша жіберілген, жазбаша сұранысы бойынша, оның қаржылық жағдайы туралы аудиторлық есептермен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ талаптарында бекітілген тәртіпте ақпараттарды ашуға қосымша ретінде:<br>«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ<br>Қазақстан Республикасы,<br>050059, Алматы қ,<br>Фурманов к, 248, «Сарқанд» бизнес орталығы<br>Email: info@homecredit.kz |

| | | |
|---|---|---|
| | | Факс: +7 (727) 244 54 80<br>Ақпарат Эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылады;<br>– барлық Облигацияларды осы Проспектінің 3.11.1 және 3.14.2 т. көзделген жағдайларда мәлімдеу құқығы;<br>– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардағы және тәртіптегі Облигацияларға арналған өзге де құқықтар.<br>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ететін, Облигацияларды ұстаушылар құқығы көзделмеген. |

| | | |
|---|---|---|
| 3.11.1 | Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға | **I.** Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар (бұдан әрі –**Дефолт оқиғасы**):<br>**1) Облигациялар бойынша төлемдік міндеттемелерді орындамау**<br><br>Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі қарызды және (немесе) купондық сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелерді, негізгі қарызды немесе купондық сыйақыны төлеудің осы Проспектіде бекітілген мерзімінен кейінгі келесі 10 (он) жұмыс күн ішінде орындамауы немесе дұрыс орындамауы<br><br>**2) Шектеулерді (ковенанттарды) бұзу**<br>Эмитент осы Проспектінің 3-2 т. көзделген Облигациялар бойынша бекітілген шектеулердің (ковенанттардың) кез келгенін орындамайды немесе бұзады және мұндай бұзушылық ол туындаған уақыттан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жойылмайды.<br><br>**3) Кросс-дефолт**<br>Эмитенттің немесе оның кез келген Маңызды еншілес ұйымының кез келген Қаржылық қарызы, Эмитенттің міндеттемелерін орындамауы салдарынан мерзімінен бұрын өтелуге тиісті немесе егерде мұндайды қолдануға болатын болса, (і) мұндай Қаржылық қарыз бойынша жинақталған сома 10 миллион АҚШ долларынан (немесе оның басқа валютадағы баламасы) асады және (іі) Эмитент сот тәртібінде талаптың заңдылығын және (немесе) өтеу сомасына қарсы болмайды не талаптың және (немесе өтеу сомасының заңдылығына қарсы болған кезде, ал Эмитент немесе оның кез келген Маңызды еншілес ұйымы, заңды күшіне енген сот шешімін, ерікті орындауға арналған, сот шешімін, заңмен бекітілген мерзім ішінде орындамаған кездегі шартпен өтеу мерзімі келген кезде өтелмейді.<br><br>**4) Банкроттық**<br>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қорытындысына сәйкес, соттың Эмитенттің банкроттығы туралы істі қарастыруы аясында, Эмитенттің қабілетсіздігі анықталды немесе Эмитент (а) Эмитентті банкрот деп жариялау мақсатымен, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарына сәйкес рәсімдерді бастады, (b) Эмитентке қатысты банкроттық рәсімдерді қабылдауға келісті, (c) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қайта құруға өтініш немесе келісім жіберді, (d) мұндай өтініш беруге келісім берді немесе Эмитенттің немесе оның мүлкіне қатысты банкроттығы немесе тарату мақсатында конкурстық басқарушыны немесе таратушыны немесе сенімді басқарушыны немесе құқықтық мұрагерді тағайындады, (e) банкроттық рәсім аясында, Эмитенттің борышкерлері пайдасына төлем төлеуді жүзеге асырды.<br><br>**5) Бизнестегі маңызды өзгерістер**<br>Эмитент Қазақстан Республикасында банктер ашу үшін рұқсаттарды қайтарып алу немесе барлық банктік операциялар жағынан, Эмитетентті банктік лицензиясынан айыру нәтижесінде өзінің ағымдағы қызметінің негізгі бағыттарында кез келген маңызды өзгерістерді жүзеге асырады.<br><br>**Жауапкершіліктен босату**<br>Егерде бұл орындамау, анықталмаған күш жағдайының салдары болып табылатын болса, Эмитент өзінің міндеттемелерін жартылай немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіктен босатылады. Анықталмаған күш жағдайы ретінде, оның болуын болжай алмаған немесе алдын ала алмаған жағдайлар (соның ішінде, мыналарды қамти отырып, бірақ олармен шектелмей: стихиялық құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тиым салу немесе шектеу сипатындағы актілері) түсіндіріледі. Анықталмаған күштер жағдайы туындаған жағдайда, Эмитенттің өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі, сол уақыт ішінде мұндай жағдайлар немесе, олардың салдары әрекет ететін, уақыт кезеңіне сай уақытқа қалдырылады.<br>**II.** Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы болған жағдайда, Эмитент мұндай Дефолт оқиғасын тудырған себептердің барлығын жою үшін және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады. Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент Облигация ұстаушыларды Дефолт оқиғасы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында осы тектес акпарат үшін қаралған мерзімде, ал Қазақстан Республикасы заңнамасында мұндай мерзім болмаса, Дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитенттің ресми |

| | | |
|---|---|---|
| | | сайтында (www.homecredit.kz) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) хабарлама орналастыру арқылы Эмитенттің бекітілген ішкі корпоративтік ережелері мен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі талаптары тәртібіне сәйкес хабардар етеді, соның ішінде:<br>i. дефолт фактісі туралы ақпарат;<br>ii. Дефолт туындаған мерзімдегі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;<br>iii. Дефолт оқиғасының туындауына алып келген, міндеттемелердің орындамауының себептері;<br>iv. Эмитентке қойылатын талаптарымен, жүгінудің тәртібі мен мерзімін қамти отырып, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін атап өту;<br>v. Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпарат.<br>Көрсетілген ақпаратты ашуды өзге заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.<br><br>**III.** Дефолт оқиғасы болған жағдайда, Эмитенттің сәйкес органы, барлық Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою бойынша іс-шараның жоспарын жасайды және бекітеді. Дефолт оқиғасы болған жағдайда, Эмитент Дефолт оқиғасы болған мерзімінен бастап, 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде (бұдан әрі – **«Кейінге қалдырылған мерзім»)** мұндай Дефолт оқиғасын тудырған, себептерді жою үшін барлық шараларды жасауы керек.<br><br>**IV.** Егер де Эмитент қабылдаған сәйкес шаралар, Кейінге қалдырылған мерзім ішінде, Дефолт оқиғасы тудырған себептерді жоймайтын болса және Облигацияны ұстаушы немесе Эмитент арасында өзгесі айтылмаған болса, айналымдағы Облигациялардың жалпы санының бестен бір бөлігін иеленетін, кез келген Облигацияны ұстаушы немесе Облигацияны ұстаушылар, Кейінге қалдырылған мерзімнің соңғы күнінен кейін саналған 5 (бес) жұмыс күні ішінде, Облигацияларды сатып алу туралы қайтарусыз талапты ұсыну арқылы, айналымдағы барлық Облигацияларды сатып алу құқығына ие. Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін, Эмитент сатып алу мерзімін анықтайды, ол осындай талап мерзімінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмеуі керек және алдағы Облигацияларды сатып алу мерзімі туралы хабарлайды. Эмитент, осы Проспектінің 3,.14.1, т. көрсетілгендей, сатып алу мерзіміне жинақталған |

| | | |
|---|---|---|
| | | сыйақыны ескере отырып, Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ, Облигацияларды қалыптасқан бастапқы орналастыру нәтижелері бойынша бағамен жүргізеді.<br><br>**V.** Эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақтастықты немесе субсидарлық жауапкершілік атқаратын тұлғалар, Эмитенттің Облигациялары бойынша міндеттемелерін орындамайтын немесе дұрыс орындамайтын тұлғалар жоқ. |
| 3.12. | Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы | Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделмеген. |
| 3.12.1 | Эмитенттің облигация ұстаушыларға, ақпараттың мазмұнын, мұндай ақпаратты ашудың мерзімі мен тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпараттандыру тәртібі, соның ішінде,облигациялар шығарылымы проспектсінде көзделген шектеулерді (ковенанты) бұзу туралы ақпараттандыру. | Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде МСФО-ға сәйкес жасалған, аудиторлық есептері, Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған, мемлекеттік емес эмиссиялық құнды қағаздар листингі туралы шартта көрсетілген мерзімге сәйкес және тәртіпте Эмитенттің ресми сайтында (www.homecredit.kz), «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген мерзімге сәйкес және тәртіпте Қаржылық есептілік депозитариінің ресми сайтында (www.dfo.kz**)** орналастырылатын болады және жүйелі түрде жаңартылып отырады.<br><br>Облигациялар шығарылымының осы Проспектісінің 3-2 т. көзделген, шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы ақпараттандыру, Облигациялар шығарылымының осы Проспектісінің 3-2 т. көрсетілген тәртіпте Эмитент жүзеге асыратын болады. |

| | | |
|---|---|---|
| 3.13. | Облигацияларды орналастырудан түскен, ақшаны пайдалану | Облигацияларды шығарғаннан тартылған, таза ақшалай қаражатты, Эмитент кредиттік қызметті қаржыландыру үшін пайдаланатын болады.<br>Облигацияларды орналастырудан алған ақшаны жоспарланған бөлуде көрсетілген мақсаттарды өзгерту жағдайында, Эмитент Облигациялар шығарылымы проспектісіне өзгерістер еңгізетін болады. |
| 3.14. | Облигацияларды сатып алу | |
| 3.14.1 | Облигацияларды қайта сатып алу тәртібі, шарты мен мерзімдері | Эмитент Облигацияларды сатып алуды, бір немесе барлық оқиғалар болған жағдайда немесе осы Проспектінің 3.11.1 және 3.14.2. т. көрсетілген шектеулер (ковенанттар) бұзылғанда жүргізіледі.<br><br>Осы Проспектінің 3.11.1. т. көрсетілген жағдай болған кезде, Облигацияларды сатып алу, Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы мерзімін (әрі қарай - **Облигацияларды сатып алу мерзімі)** жариялағаннан бастап, 10 (он) жұмыс күні ішінде, теңге бағамындағы ақшаны Облигация ұстаушылардың есепшотына ақша аудару жолымен, сатып алу мерзіміндегі жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ бастапқы орналастыру нәтижелері бойынша қалыптасқан баға бойынша жүргізіледі.<br>Осы Проспектінің 3.14.2. т. көрсетілген оқиғалар туындаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды, жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигацияның кесімді атаулы сәйкес бағамен не қандай көлем ең көп болып табылатындығына байланысты, Облигацияның әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Эмитент Облигацияның әділ бағасын анықтау үшін, Облигация ұстаушылардың өкілдерін немесе барлық Облигация ұстаушыларды осы Проспектінің 3.14.2. т. сәйкес алдағы Облигацияларды сатып алу туралы хабарлаудың алдындағы мерзімдегі маркет-мейкер баға белгілеуді пайдаланады. Сатып алу, Облигацияларды сатып алу мерзімі ішінде, Облигациялар ұстаушыларының ағымдағы есепшотына теңге бағамымен ақша аудару жолымен жүргізіледі.<br><br>Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ бастапқы орналастыру нәтижесі бойынша қалыптасқан, Облигациялардың атаулы бағасын/әділ нарықтық бағасын және оларды сатып алған кездегі |

| | | |
|---|---|---|
| | | жинақталған купондық сыйақыны талап ету және ақшаны алу құқығына Облигацияларды сатып алу мерзімі басталған күннің алдындағы мерзімдегі жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылар тіркелімінде тіркелген тұлғалар ие.<br>Егер де Облигацияларды ұстаушылар Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигациялар бойынша төлемдер, Облигацияны ұстаушының Қазақстан Республикасы аумағындағы банктерде теңгедегі банктік есепшоттары болған жағдайда, теңгемен жүргізіледі.<br>Төлемді, теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе ЕВРО) айырбастау, Эмитенттің сәйкес төлем төлейтін кезге дейін, Облигацияны ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының резиденті емесінен 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкес жазбаша өтініш алған кезінде жүзеге асырылады. Көрсетілген айырбастау, төлем төлеу мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен мерзімдегі бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек ғана АҚШ доллары немесе ЕУРО) айырбастау, Облигацияны ұстаушының – Қазақстан Республикасының резиденті емесінің есебінен жүргізіледі.<br>Облигацияларды ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденті пайдасына төлеу бойынша жүзеге асырған кезде, теңгені өзге валютаға (тек ғана АҚШ доллары немесе ЕУРО) айырбастауға жол берілмейді. |

| | | |
|---|---|---|
| 3.14.2 | Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II «Құнды қағаздар туралы» Заңының 18-4 бабында көзделген жағдайларда Эмитент орналастырған облигацияларды сатып алу тәртібі | **I.** Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабына сәйкес, орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент мына жағдайларда жүргізуі керек:<br>– Эмитент органының Облигациялар делистингі туралы шешім қабылдауы;<br>– Тізімі уәкілетті органның құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталған, ақпаратты қор биржасына ұсыну жағынан арнайы (листингтік) талапты орындамау себебі бойынша Эмитент Облигацияларының делистингі туралы қор биржасының шешім қабылдауы;<br>– Эмитенттің, бұрынғы Облигация ұстаушының өкілімен шартты бұзған немесе тоқтатқан мерзімнен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушының өкілімен шарт жасасауы.<br><br>**II.** Жоғарыда көрсетілген оқиғалар пайда болғанда Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасында осы тектес акпарат үшін қаралған мерзімде, ал Қазақстан Республикасы заңнамасында мұндай мерзім болмаса, осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Облигацияларды ұстаушылардың өкілдерін немесе Облигацияларды ұстаушылардың барлығын Эмитенттің ресми сайтында (www.homecredit.kz**)** және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz**)** хабарлама орналастыру жолымен төмендегі туралы хабардар етеді:<br>- Эмитенттің Облигацияларын сатып алуға әкелетін, көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алып отырғандығы туралы;<br>- мұндай оқиғаның немесе оқиғалардың туындау мерзімінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кеш емес уақытта болуға тиісті Облигацияларды сатып алудың алдағы мерзімі туралы. |
| 3.14.3 | Эмитенттің облигацияларды ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуы | Облигацияларды Эмитенттің бастамасы бойынша сатып алу:<br>Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің Облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес, олардың айналымының барлық мерзімі ішінде сатып алуға құқығы бар.<br>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы келесілермен анықталады: |

| | | |
|---|---|---|
| | | – Мәміле жасаған мерзімдегі «Қазақстандық қор биржасы» АҚ қалыптасқан, нарықтық бағаға сүйене отырып, құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасау кезінде:<br>– құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасау кезінде – мәміле талаптарының келісімі бойынша. Сатып алынған Облигациялар өтелген болып табылмайды және Эмитент қайталап сата алады.<br>Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы, Облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкелмеуі керек.<br><br>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешімімен, Директорлар кеңесінің мұндай шешімді қабылдаған мерзімінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың Өкілін хабарландыру жолымен, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында (www.homecredit.kz), «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.homecredit.kz) және Қаржылық есептіліктің депозитариінің сайтында (www.dfo.kz) орналастыру жолымен, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитариінің интернет-қорында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін, нормативтік-құқықтық актімен бекітілген тәртіпте барлық облигация ұстаушыларға хабарланады.<br>Орналастырылған Облигациялар саны туралы ақпаратты (сатып алғанды шегере отырып), Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық құнды қағаздардың листингі туралы шартқа сәйкес «Қазақстандық қор биржасы» АҚ Эмитент ашады. |
| **3-1.** | **Сыйақы төлеу және Облигацияны өтеу сәтіне дейінгі сыйақы төлеудің әр кезеңі тұрғысында негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражаттарының көздерін және ағындарын болжау.** | Сыйақы төлеу және Облигацияны өтеу сәтіне дейінгі сыйақы төлеудің әр кезеңі тұрғысында негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражаттарының көздерін және ағындарын болжау, осы Проспектінің №1 Қосымшасында көрсетілген. |
| **3-2.** | **Эмитент қабылдаған шектеулер (ковенанттар)** | Осы шығарылым проспектісі бекіткен Облигациялар айналымының мерзімі ішінде, Эмитент келесі шарттарды сақтауы керек:<br><br>**1) Мүлікке ауыртпалық салудан бас тарту** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Эмитент өзі немесе өзінің кез келген Маңызды еншілес ұйымы, егерде осымен бір мезгілде немесе алдын ала, Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелері (a) мұндай Қаржылық қарызға мөлшерлес және тең деңгейде және (b) Облигация ұстаушылардың Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге қамтамасыз етудің артықшылығы болатын болса, кез келген Қаржылық Қарызды қамтамасыз ететін, өзінің қолданыстағы немесе болашақ активтерін немесе табыстарын, Рұқсат етілген ауыртпалық салуды қоспағанда, кез келген Ауыртпалық салуды жасамайды және жол бермейді.<br><br>Облигация ұстаушылардың пайдасына ұсынылған, кез келген Ауыртпалықтың шарты алдағы абзацқа сәйкес, (i) Эмитент немесе оның Маңызды еншілес ұйымдары жасаған немесе жол берген Ауыртпалық тоқтатылу, сондай-ақ (ii) Облигациялар бойынша қарызды толық өтеген жағдайда, мұндай Ауыртпалық автоматты түрде тоқтатылады деп көзделуі тиіс.<br><br>**2) Қайта құру**<br><br>Эмитент (i) қандай да болсын қайта ұйымдастыруды (қосылу, жұтылу, бірігу, бөліну, қайта құрылу не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қайта құрудың өзге де рәсімдері арқылы) жүзеге асырмауы тиіс, сондай-ақ (ii) Облигация ұстаушылардың Жалпы жиналысының сәйкес шешімінсіз, оның ешқандай Маңызды еншілес ұйымы қандай да болсын қайта құруды (мұндай кез келген ұйым тармақтардағы қосылу, жұтылу, бірігу, бөліну, өзгеру не қолданыстағы заңнамада көзделген қайта құрудың өзге шаралары арқылы) жүзеге асырмайтындығын қамтамасыз етуі керек, егерде, (жоғарыда көрсетілген (i) және (ii) тармақтардағы оқиғалардың кез келгені болған жағдайда) мұндай кез келген ұйым Маңызды қолайсыз ықпалға ұшырауы мүмкін. Бұл ретте, осы тарауда көзделген кез келген қайта құру, егерде бұл Эмитенттің шетелдік валютадағы (немесе оның баламасындағы) депозиттерінің ұзақ мерзімдік рейтингін төмендетуге немесе эмитенттің шетелдік валютадағы (немесе оның баламасындағы) дефолтының ұзақ мерзімдік рейтингіне әкелетін болса, Эмитентке кез келген рейтингтік агенттік тағайындаған жағдайларға байланысты не мұндай қайта құрудың нәтижесінде Эмитент құқық мұрагері болып табылмайды, бұл ретте әрбір рейтингтік агенттіктер, мұндай тұлғаға-құқық мұрагеріне мұндай қайта құрудан кейін, дереу тағайындаған рейтингтер, мұндай қайта құруға дейін тікелей тағайындалған Эмитенттің рейтингінен төмен болады, жоғарыда (i) тармағында көзделген оқиға |

| | | |
|---|---|---|
| | | болған жағдайда, Маңызды қолайсыз әсер (осы тарау мақсаттары үшін) тудырмайды.<br><br>**3) Белгілі мәмілелер бойынша шектеулер**<br><br>Эмитент егерде мұндай мәміле немесе мұндай мәмілелер топтамасы (i) Әділ нарықтық баға бойынша жасалмаған болса, немесе (ii) Эмитент пен оны ата-аналық ұйымы арасында жасалмаған болса, Эмитенттің активтерінің жинақталған мөлшерінің 3% тең немесе асатын жалпы сомадағы кез келген мәмілені немесе байланысты мәмілелер топтасын (соның ішінде, мүлікті сату, сатып алу, айырбастау немесе жалға беру немесе қызметі/жұмысты алу) жасамауы керек.<br><br>**4) Дивиденттерді төлеу бойынша шектеулер**<br><br>Эмитент қандай да болсын дивидендтерді ақшалай немесе өзге түрде төлемеуі не егерде Дефолт оқиғасы орын алған болса (төменде анықталғандай), төлемі Дефолт оқиғасы болғанға дейін жарияланған, есептелген дивидендтерді қоспағанда, өзінің акционерлік капиталына қатысты кез келген өзге төлемдер түрінде жүзеге асырмауы тиіс.<br><br>Жоғарыда көрсетілген шектеулер, Эмитенттің кез келген артықшылықты акциялары бойынша кепілді дивидендтер төлеуге қатысты қолданылмайды.<br><br>**5) Қаржылық ковенанттар**<br><br>Эмитент Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің немесе Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау жөніндегі комитеттің қолданыстағы нормаларына сәйкес есептелген пруденциалдық нормативтерді осындай нормаларда көзделген ең аз мағыналардан төмен деңгейде қолдау қажет (соның ішінде, басқаларымен қоса, 2005 жылғы 30 қыркүйекте ҚҚА №358 Қаулысымен бекітілген, қолданыстағы редакциясы екінші деңгейлі банктерге арналған, Нормативтік мағыналар мен пруденциалдық нормаларды есептеу нұсқаулығы).<br><br>**6) Қаржылық ақпаратты ұсыну**<br><br>Облигациялардың Эмитенті мен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған, листингтік шартта бекітілген жылдық және аралық қаржылық есептіліктерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу керек. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Облигациялардың Эмитенті мен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған, листингтік шартта бекітілген жылдық қаржылық есептіліктер бойынша аудиторлық есептіліктерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу керек.<br><br>Бір немесе барлық бекітілген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған мерзімінен бастап, Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасында осы тектес ақпарат үшін қаралған мерзімде, ал Қазақстан Республикасы заңнамасында мұндай мерзім болмаса, 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей барлық Облигация ұстаушыларды осы оқиғаның немесе оқиғалардың болғаны туралы, Облигация ұстаушылардың Өкілдерін жазбаша түрде, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында (www.homecredit.kz) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) орналастыру арқылы, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында бекітілген тәртіпте хабардар етеді. |
| **4.** | **Опциондар туралы ақпарат** | **Опциондар көзделмеген** |
| **5.** | **Айырбасталатын облигациялар** | **Эмитенттің Облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.** |
| **6.** | **Облигацияларды орналастыру** | |
| 6.1. | Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі | Облигациялар айналымының басталу мерзімі, Облигацияларды орналастырудың басталу мерзімі болып табылады. Облигациялар «Қазақстандық қаржы биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес айналымның барлық мерзімі ішінде құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастыратын болады. |
| 6.2. | Жазылым жолымен, акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастырған кезде айырбастау шарты көрсетіледі. | Облигацияларды акцияларға айырбастау көзделмеген. |
| 6.3. | Облигацияларды төлеу шарты мен тәртібі | Облигациялар ақшамен  ақшалай емес түрде төленеді. Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ сауда алаңында мамандандырылған сауда жүргізу жолымен орналастырған кезде, төлем «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге |

| | | |
|---|---|---|
| | | асырылады. |
| 6.4. | Салықтық шарттар | Егерде мұндай ұстап қалу немесе шегеру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес талап етілмеген болса, Қазақстан Республикасы немесе мұндай Салықтарды салуға құқығы бар, оның уәкілетті органдары салатын, алатын және ұстайтын қандай да болсын салықтарды, төлемдерді, салық аударымдарды немесе қандай да болсын мемлекеттік салымдарды (бірлескенде «**Салықтар**») есептеуден және ұстаудан еркін Эмитент жүргізеді. |

Пайдаланылатын терминология

«**Әділ нарықтық баға**» бағасы тәуелсіз тараптар арасында теңдік жағдайында келісілуі мүмкін, кез келген активке немесе мүлікке қатыстыны білдіреді.

«**Ауыртпалық салу**» міндеттемені қамтамасыз ету ретіндегі кез келген ауыртпалық салуды, кепілдікті, ипотеканы, кез келген ауыртпалық салуды, сондай-ақ міндеттемені қамтамасыз ету ретіндегі мүлікке өзге де ауыртпалық салуды білдіреді. Осы ереже мақсатында негізгі қаражаттың ауыртпалығы ретінде, көрсетілген негізгі қаражатты сенімді басқаруға (негізгі қаражатты шеттеуге арналған сенімді басқарушы құқығынсыз) және жалға беру жағдайын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Эмитенттің және оның Маңызды еншілес ұйымдарының үшінші тұлғалармен жасалған келісімдерінде көзделген және Эмитенттің және оның еншілес ұйымының негізгі қаражаттарды иеленуге, пайдалануға және (немесе) билеуге арналған құқықтарын шектеу түрінде көрінетін, Эмитенттің және оның Маңызды еншілес ұйымдарының негізгі қаражаттарына кез келген шектеулер түсіндіріледі.

«**Рұқсат етілген ауытрпалықты салу**» мынаны білдіреді:

(i) Облигациялар айналымы мерзімінің басталған мерзімінен кейін, Эмитент немесе оның Маңызды еншілес ұйымдары сатып алған активтерге қатысты кез келген салынатын Ауыртпалықтар, келесі аталғандай шартпен:
   - Кез келген мұндай Ауыртпалық, Эмитенттің мұндай активтерді сатып алуын күткеніндей жасалған жоқ;
   - Мұндай Ауыртпалықтың сомасы, күткендей немесе Эмитенттің мұндай активтерді сатып алған мерзімінен бастап көбейген жоқ;

(ii) талаптарды есептеудің кез келген құқығы, соның ішінде, дебиторлық және кредиторлық қалдықтардың өзара есебі мақсатында әдеттегі банктік қызмет нәтижесінде, Эмитент жасаған өзара есеп туралы келісім бойынша;

(iii) дебиторлық қарызды (талаптар құқығы) секъюритизациялау аясында жасалған, кез келген қолданыстағы немесе болашақ активтерге немесе табыстарға немесе олардың қайсы бір бөліктеріне қатысты кез келген Ауыртпалық, мұндай Ауыртпалықпен қамтамасыз етілген төлемдер бойынша барлық міндеттемелер, Ауыртпалыққа тиесілі активтердің немесе табыстардың жинақталған құны, ХҚЕС сәйкес дайындалған, Эмитенттің соңғы тоқсандық есептілігінде көрсетілгендей, кез келген сәтте қарыздар сомасының немесе клиенттер авансының 50% аспайтын

шартымен, активтермен немесе қаржыландырудың өзге де құрылымдарымен қамтамасыз етілген, қорландыруды тарту;

(iv) контрагенттің стандартты жағдайларда немесе әдеттегі қолданылатын жағдайларда міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында активтерге арналған меншік құқығын контрагентке беруді немесе котрагенттің ұстап қалуын көздейтін, әдеттегі қызмет барысында Эмитент жасайтын кез келген мәміле;

(v) әдеттегі қызмет барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындаған кез келген ауыртпалық;

(vi) «Хоум Кредит энд Финанс Банк» ЖШҚ пайдасына Эмитент ұсынған кез келген Ауыртпалық;

(vii) РЕПО мәмілелер бойынша ауыртпалық;

(viii) Пайыздық мөлшерлеменің тәуекелін хеджерлеу бойынша операцияларға және шетелдік валютаның бағамын өзгерту тәуекеліне байланысты, кепілдік депозитті ұсынуға қатысты келісімдер және соған ұқсас келісімдер бойынша Ауыртпалықтар;

(ix) Ауыртпалық салынуға тиісті осы жылжымайтын мүліктің жиынтықты құны, кез келген уақытта 150 000 000 (Жүз елу миллион) АҚШ долларынан (немесе басқа валютадағы баламасын) аспайтын шартымен, облигация айналымының басталған мерзімінен кейін сатып алған жылжымайтын мүлікпен байланысты ауыртпалық;

(x) Облигациялар айналымының басталған мерзіміндегі кез келген ауыртпалық;

(xi) Ауыртпалыққа тиесілі активтердің және табыстардың жиынтықты бағасы, Эмитенттің активтерінің жиынтықты мөлшерінің 10% аспайтын шартымен, кез келген басқа Ауыртпалық;

(xi) Мұндай Ауыртпалықтың негізгі сомасы көбеймейтін (Ауыртпалықты ұсыну мерзімін созуға, жаңартуға немесе Ауыртпалықты ауыстыруға байланысты, кез келген шығындардан және комиссиялардан басқа) және мұндай Ауыртпалық өзінің құрамына Эмитенттің қосымша активтерін қамтымайтын шартымен, жоғарыда көрсетілген тармақтармен рұқсат етілген, Ауыртпалықты ұсыну немесе Ауыртпалықты ауыстыру мерзімін кез келген ұзарту және жаңарту және мұндай Ауыртпалық өз құрамына Эмитенттің қосымша активтерін қамтымайды;

(xii) Талапты қамтамасыз ету және (немесе) қарсы болу туралы ұйғарымға шағым жасау бойынша Эмитенттің әрекет жасау шартымен, талапты қамтамасыз ету бойынша жасалатын шара ретінде мүлікке тиым салу немесе өзге де ауыртпалық салу.

**«Маңызды еншілес ұйым»,** кез келген тапсырылған уақытты, Эмитенттің кез келген еншілес ұйымын, жалпы активтерді немесе жалпы табыстарды немесе Эмитентке қатысты салық салуға дейінгі пайданы (мұндай еншілес ұйымның акцияларын оның жанама және/немесе тікелей бенефициарлық иеленуі салдарын немесе мұндай еншілес ұйымның капиталына өзгеше қатысуды) білдіреді, шоғырландырылған жалпы активтердің немесе шоғырландырылған жалпы табыстардың 10% кем емесін құрайды немесе Эмитентке және оның шоғырландырылған еншілес ұйымдарына төменде көрсетілген мақсаттарда салық салынғанға дейінгі шоғырландырылған пайда жағдайына байланысты:

(i) Мұндай еншілес ұйымдардың жалпы активтері, жалпы табыстары мен салық салынғанға дейінгі пайдасы, оның аудиттелген қаржылық есептілігі немесе соңғы Есептік мерзімдегі жағдай бойынша ХҚЕС сәйкес тәуелсіз аудиторлар дайындаған, аудиттелмеген аралық қаржылық есептілікті шолу негізінде не мұндай аудиттелген қаржылық есептілік немесе мұндай аудиттелмеген аралық қаржылық есептілік болмаған жағдайда, соңғы Есептілік мерзіміндегі басқарушылық қаржылық есептілік негізінде есептелуі тиіс және

(ii) Шоғырландырылған жалпы активтер, шоғырландырылған жалпы табыстар мен Эмитент пен оның шоғырландырылған еншілес ұйымы салық салғанға дейінгі пайда,

Эмитенттің аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі немесе соңғы Есептік кезеңдегі жағдай бойынша, ХҚЕС сәйкес тәуелсіз аудиторлар дайындаған, Эмитенттің аудиттелмеген аралық қаржылық есептелігін шолу негізінде есептелуі тиіс.

**«Есептік мерзім»** Облигациялар айналымы ішіндегі әр күнтізбелік жылдың 31 наурызын, 30 маусымын, 30 қыркүйегін, 31 желтоқсанын білдіреді.

«**Маңызды қолайсыз салдарлар**», жалпы алғанда немесе Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігімен, Эмитенттің және оның Маңызды еншілес ұйымдарының қызметіне, операцияларына, активтеріне, жағдайына (қаржылық немесе өзге) маңызды қолайсыз салдарды білдіреді.

**«Тартылған қаражат бойынша қарыздар»** (i) тартылған қаражаттарға; (ii) кез келген акцептік кредиттер бойынша акцепт алған сомаларға; (iii) облигациялардың кез келген сатылымына не облигацияларды, ноталарды, қарыздық міндеттемелерді, ссудалық облигацияларды немесе өзге ұқсас құралдарды сатып алуға; (iv) жалға берушінің жарғысындағы жалпы қабылданған юрисдикцияға сәйкес, қаржылық немесе капиталдық лизинг, бухгатерлік есептіліктің стандарттары болып табылатын, жалға беру немесе бөліп-бөліп сатудың кез келген шарттарына қатысты кез келген міндеттемелердің сомасына; (v) төлемі бөліп-бөліп төлеу жүргізілетін, негізінен, қаржылық қарыз немесе сәйкес активтерді немесе қызметтерді сатып алуды қаржыландыру құралы ретіндегі, активтерді немесе қызметтерді сатып алудың кез келген бағасына қатысты кез келген міндеттемелер сомасына; және (vi) қарыздың коммерциялық сипаты бар, кез келген өзге мәміле (соның ішінде, сатып алушыға арналған «айналымы бар» дебиторлық соманы сатып алу немесе саты туралы кез келген форвардтық шартты қосқанда) бойынша алған сомаларға қатысты кез келген қарызды білдіреді.

**«Қаржылық қарыз»** (i) Тартылған қаражаттар бойынша қарыздар; не (ii) Тартылған қаражаттар бойынша кез келген Қарызға қатысты Кепілдіктер бойынша қарыздарға қатысты кез келген тұлғаның, кез келген қарызын білдіреді.

**«Кепілдік»** кез келген тұлғаның тартылған қаражаты бойынша Қарызына қатысты, кез келген тұлғаны, тартылған қаражат бойынша мұндай Қарызды төлейтін, өзге тұлғаның кез келген міндеттемесін, соның ішінде (шектеусіз) (i) тартылған қаражат бойынша мұндай Қарызды сатып алу бойынша кез келген міндеттемені; (ii) акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды с атып алуға немесе жазылуға арналған ақша қарызы бойынша кез келген міндеттемені; (iii) тартылған қаражат бойынша мұндай Қарызды төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаудың салдарының кез келген өтелуін; (iv) тартылған қаражат бойынша мұндай Қарыз үшін жауапкершілік туралы кез келген өзге де шартты білдіреді.

**«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ**
**Басқармасы** **Гасяк В.**

**«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ**
**Бас бухгалтері** **Сүлейменова Ж.И.**

## №1 Қосымша

### 3-1. Сыйақыларды төлеу және Облигацияларды өтеу кезіне дейінгі сыйақыны төлеудің әр кезеңінің тұрғысындағы негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті, Эмитенттің ақшалай қаражаттарының көздерін және ақша ағындарын болжау

Сыйақыларды төлеу және негізгі қарызды кесімді баға бойынша өтеу, Эмитенттің жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Эмитент әр кезең бойынша түскен түсімдердің сомасы, негізгі қарызды өтеу мен міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болып табылады деп санайды.

Төменде 2014-2019 жылдардағы кезеңге арналған Хоум Кредит Банктің ақшалай ағындарының болжамы көрсетілген:

| **АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМДЫҚ ЕСЕП** | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| млн теңгемен | **2014 г.** | | **2015 г.** | | **2016 г.** | | **2017 г.** | | **2018 г.** | | **2019 г.** | |
| | **1П** | **2П** | **1П** | **2П** | **1П** | **2П** | **1П** | **2П** | **1П** | **2П** | **1П** | **2П** |
| **Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат** | | | | | | | | | | | | |
| Пайыздық табыстар | 18 517 | 21 396 | 22 540 | 24 782 | 25 521 | 27 170 | 28 286 | 29 698 | 30 611 | 31 173 | 31 700 | 32 102 |
| Пайыздық шығындар | (9 577) | (5 257) | (5 349) | (5 312) | (5 339) | (5 390) | (5 218) | (5 172) | (5 014) | (5 091) | (5 376) | (5 008) |
| Комиссиялық табыстар | 9 111 | 12 091 | 10 330 | 12 935 | 11 553 | 14 342 | 11 575 | 14 249 | 12 599 | 15 560 | 13 774 | 17 007 |
| Комиссиялық шығындар | (505) | (536) | (503) | (535) | (555) | (581) | (496) | (514) | (516) | (525) | (597) | (586) |
| Шетелдік валютамен жасалған операциялардан түскен таза (төлемдер)/түсімдер | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Басқа да табыстар/шығындар бойынша түсімдер (төлемдер) | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Жалпы әкімшілік шығындар | (7 571) | (8 634) | (9 886) | (10 909) | (11 424) | (12 618) | (12 287) | (13 503) | (13 504) | (15 013) | (14 388) | (16 005) |
| | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **Операциялық активтердің (артуы)/ азаюы** | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Банктерге берілген кредиттер мен аванстар, | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Клиенттерге берілген кредиттер | (14 445) | (32 784) | (10 507) | (28 571) | (5 087) | (28 801) | (3 108) | (31 144) | 4 338 | (30 793) | 4 112 | (34 092) |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Басқа активтер | (717) | 142 | 148 | 123 | 113 | 92 | 63 | 49 | - | - | - | - |
| | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **Операциялық міндеттемелердің көбеюі / (азаюы)** | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Банктердің есепшоттары мен депозиттері | - | - | - | - | - | - | - | - | (7 958) | - | - | - |
| Клиенттердің ағымдағы есепшоттары мен депозиттері | 3 543 | 13 222 | 7 920 | 8 743 | 6 867 | 9 378 | 7 179 | 10 178 | 4 894 | 9 155 | 5 697 | 9 698 |
| Басқа міндеттемелер | (665) | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **Кіріс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза түсімі** | **(2 308)** | **(360)** | **14 691** | **1 255** | **21 650** | **3 592** | **25 993** | **3 842** | **25 451** | **4 466** | **34 922** | **3 117** |
| Төленген кіріс салығы | (1 593) | (2 176) | (1 804) | (2 809) | (1 798) | (3 184) | (1 799) | (3 622) | (1 800) | (3 799) | (1 800) | (3 732) |
| **Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсуі** | **(3 902)** | **(2 535)** | **12 887** | **(1 554)** | **19 851** | **408** | **24 194** | **220** | **23 651** | **667** | **33 122** | **(615)** |
| | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатып алу | (1 306) | (1 571) | (1 313) | (1 569) | (1 313) | (1 569) | (1 313) | (1 569) | (1 313) | (1 569) | (1 313) | (1 569) |
| Негізгі құрал-жабдықтарды сату | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | **(1 306)** | **(1 571)** | **(1 313)** | **(1 569)** | **(1 313)** | **(1 569)** | **(1 313)** | **(1 569)** | **(1 313)** | **(1 569)** | **(1 313)** | **(1 569)** |
| | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Субординацияланған қарыздарды өтеу | - | - | - | - | - | (640) | - | - | - | - | - | - |
| Басқа тартылған қаражаттардың түсуі | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Басқа тартылған қаражаттарды өтеу | - | - | - | (6 000) | (10 133) | - | - | (6 967) | - | - | - | - |
| Облигациялар шығарылымынан түскен түсімдер | 15 000 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Облигацияларды өтеу | - | - | - | - | - | (7 000) | - | - | - | - | (15 000) | - |
| Дивидендтерді төлеу | (6 324) | - | (7 134) | - | (9 256) | - | (10 010) | - | (10 891) | - | (11 199) | - |
| **Қаржылық қызметтен (ке) түскен ақшалай қаражаттығ (пайдалануы)/ түсімі** | **8 676** | **-** | **(7 134)** | **(2 300)** | **(16 090)** | **(634)** | **(24 016)** | **1 337** | **(19 195)** | **-** | **(26 199)** | **-** |
| | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| **Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының таза көбеюі** | 3 468 | (4 106) | 4 441 | (5 423) | 2 449 | (1 796) | (1 135) | (12) | 3 143 | (903) | 5 610 | (2 184) |
| Валюталықбағамдардың өзгерісінің ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының көлемінеықпалы | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Кезеңнің басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары | 8 643 | 12 111 | 8 005 | 12 446 | 7 022 | 9 471 | 7 676 | 6 541 | 6 528 | 9 671 | 8 769 | 14 379 |
| **Кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат пен олардың баламалары** | **12 111** | **8 005** | **12 446** | **7 022** | **9 471** | **7 676** | **6 541** | **6 528** | **9 671** | **8 769** | **14 379** | **12 195** |

Осы Проспектінің №1 Қосымшасында келтірілген, Эмитенттің ақшалай қаражаты ағындарын болжау, қате немесе нақты болмайтын және жүзеге асырылуға бағынбайтын және әр түрлі факторларға, соның ішінде, экономикалық және коммерциялық шарттарға да, Эмитенттің өнімдеріне деген сұранысқа, Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын сектордағы бәсекелес факторларға, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерге, салықтық талаптағы өзгерістерге (соның ішінде, салықтық мөлшерлемелердің өзгеруі, жаңа салықтық заңдар мен салық заңнамасының түсіндірмесін қайта қарастыру), сот және төрелік сот талқылауларының нәтижелеріне, пайыздық мөлшерлердің, айырбастау бағамының және басқа да нарықтық жағдайлардың өзгеруі, соның ішінде, экономикалық және саяси жағдайлардың өзгеруі және перспективалардың басқа да екіұштылықтарға байланысты өзгерілуге тиісті болжамдарға, деректерге немесе әдістерге байланысты болады.

Эмитент Облигациялар шығарылымының осы Проспектісінде ашылатын қандай да болсын болжамдық деректерді жаңа ақпараттар, болашақ оқиғалар немесе өзге де негіздемелер пайда болу салдарынан жаңартуға немесе қайта қарастыруға міндетті емес және ниетті емес. Бұдан кейінгі Эмитентке немесе Эмитент атынан әрекет ететін өзге де тұлғаларға жазылған перспективалар және/немесе болжамдар, өзінің тұтастығында Облигациялар шығарылымының осы Проспектісінің барлық мәтіні бойынша бар, алдын ала ескертетін өтініштермен шектеледі. Осы тәуекелдер, екіұштылықтар немесе болжамдар салдарынан, Облигацияның әлеуетті сатып алушылары перспективалар туралы осы өтініштерге лайықсыз түрде сенім артпаулары тиіс.